

Жалпы, тіл ғылымына «гендер» (ағыл.тек, жыныс) ұғымының енгеніне көп бола қойған жоқ. Дж.Скотт бұл категорияны «жынысаралық ерекшеліктерге негізделген мәдени-әлеуметтік қатынастардың құрамдас бөлігі» деп таниды [1, 49]. Гендерлік ерекшеліктердің құрылымы туралы ақпарат мәдениет пен әлеуметтік қатынастардың негізі саналатын әр этностың тілінде сақталады.

Гендерлік лингвистика - биоәлеуметтік субъект ретінде танылатын ер кісілер мен әйел затының тіліндегі ерекшеліктерді зерттейтін тіл ғылымының бір саласы. Ол ұлт пен этнос мәдениетіндегі ерлер мен әйелдер тіліндегі тілдік ерекшеліктердің мәнін, түрлі құрылымдық типтегі мәтіндерде сақталған ерлер мен әйелдер тіліне тән ұлттық және мәдени құндылықтарды, гендерлік этикет нормаларын, ерлер мен әйелдер тіліндегі сөз қолданыстарының стильдік ерекшеліктерін, тілді меңгерудегі гендерлік ерекшеліктердің ықпалын және әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы гендерлік оппозиция мәселелерін шешуді мақсат етеді. Жоғарыда аталған «биоәлеуметтік субъект» термині туралы тілші-ғалым Б.Хасанұлы: «Адамға тілдік қабілет туа бітеді, сол қабілеттің арқасында ол биологиялық тіршілік иесінен әлеуметтік тіршілік иесіне айналады. Адам әлеуметтену барысында тілдік қабілетін жетілдіреді де, тілдік тұлғаға айналады», - дейді [2, 230]. Гендерлік ерекшеліктерді зерттеу және талдау ісі антропоцентристік парадигма шеңберінде қарастырылатын социолингвистикамен (адамның мамандығына, жас ерекшелігіне, жынысына, қоғамдық еңбек бөлінісіне және қоғамдық ортасына, отбасында атқаратын рөліне, қалалық немесе ауылдық өмір салтын ұстануы жөнінде ақпарат беруші тіл ғылымының саласы), лингвомәдениеттанумен (этностың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан, рухани және заттық мәдени құндылықтарынан ақпар беретін, гендерлік мәдени ерекшеліктерді зерттейтін тіл ғылымының саласы), психолингвистикамен (балалар тілін, ерлер мен әйелдер тіліне тән спецификалық ерекшеліктерді, адамның тілдік қабілеті дамуының гендерлік ерекшеліктерін зерттейтін ғылым саласы) тығыз байланысты.

Лингвистикалық гендерология саласындағы негізгі ұғымдардың бірі – гендерлік стереотип. Біз бұл мақалада гендерлік стереотиптердің, оның ішінде әйел адамдарға байланысты қалыптасқан үрдістердің газет тіліндегі қолданысын тілге тиек етпекпіз. Стереотипке тән ерекшеліктердің бірі – тұрақтылық екенін ескерсек, белгілі бір жағдаяттар мен әрекеттердің санада жиі қайталануынан қалыптасқан дағдылы түсінікті *стереотип*, яғни қалыптасқан үрдіс ретінде қабылдаймыз. Мәселен, қазақ халқының ұлттық санасында әйел - нәзіктік пен сұлулықтың, жылулық пен мейірімділіктің, отбасының құты және бала тәрбиесімен айналысушы жан иесі, ал ер кісілер – отбасының тірегі және асыраушысы, Отанын қорғаушы және жауынгер, батырлық пен ерліктің иесі ретінде танылуы қалыптасқан үрдіс. Мұндай стереотиптердің қалыптасуын сол тілді қолданушы халықтың этномәдениетіндегі бейнелі құралдар, атап айтқанда, тұрақты тіркестер, тұрақты теңеулер мен метафоралар негізінде дәлелдейтін болсақ, «түн ұйқысын төрт бөлу» – ананың баласын күтіп-бағуы, «аршыған

жұмыртқадай, аққудың көгілдіріндей» - сұлулықты, «ақ жаулық» - әйел бейнесін, «босаға аттау» - келін болып түсу жағдаятында қолданылатын әрі тілдік санада қалыптасқан тілдік бірліктер.

Гендерлік стереотип – стереотиптердің құрамдас бір бөлгі болып табылады. Гендерлік стереотип – ерлер мен әйел затына тән мәдени, әлеуметтік ұғымдарды, тәлім-тәрбиелік және этикет нормаларын қарастырады. Гендерлік стереотиптердің қалыптануында мәдениеттің ролі ерекше. Мәдениет - ұлттық үрдістердің қалыптануына негіз бола отырып, әр ұлттың этномәдени санасында «еркек» және «әйел» оппозициялы концептісіне байланысты дәстүрлі этикет нормаларын, әр топқа тән рухани және материалдық құндылықтарды қалыптастыруда тірек қызметін атқарады. Мәдениет – артефакт ғана емес, сөз әлемі. Мәдениет тіл арқылы дыбысталып, тек тіл арқылы ғана сақталады. Осы тұрғыдан алғанда, кез-келген тілдің семантикалық мазмұны сол тілде сөйлейтін халықтың этнографиясы болып табылады.

Газет тілдерінде жиілігі жағынан еркек және әйел сөздеріне қарағанда, олардың синонимдері *нәзік жандар* мен *ер-азамат* тіркестері жиі қолданысқа түскен. Ойымыз дәлелді болу үшін, мысал келтірсек: Егер де қалыптасқан әлемдік тәжірибеге сүйенетін болсақ, онда білім беру ісінде ер мұғалімдер мен *нәзік жанды* ұстаздардың үлес салмағының сақталуы міндетті (Ана тілі, № 1). Мұндай қолданыстар қазақ халқының қоғамдық санасында тұрақталған әр топтың өзіндік ерекшеліктері мен әлеуметтік жіктелістермен тікелей байланысты екенін дәйектейді.

Газет беттерінде халқымыздың өмір сүру үрдісінде берік қалыптасқан гендерлік сипаттағы этномәдени стереотиптер кездеседі. Солардың бірі – *қазақ қызы, қазақ әйелі*. Мысалы: *Бесігін тербетіп, қызметін істеп, ерін көкке көтеріп, төркіні мен қайын жұртының бірлігін сақтап жүрген қазақ әйелдерінің бейнесі үлгі тұтарлық. Ақыл-парасаты ұлттық құндылықтардан бастау алатын қай дәуірде, қай кезеңде өмір сүрсе де, қандай ортада жүрсе де қазақтың қызы екенін ұмытпайтын осындай жандар мол болғай* (Ақ босаға. № 3, Наурыз. 2009 ж.). Берілген мәтіндерден байқайтынымыз, қазақ қызы, қазақ әйелі - ақылды, парасатты, отбасы мен туған-туысқандарының бірлігін ту етіп көтерген құрметті жан, яғни ұлттық санада тұрақталған түсініктер (үйдегі береке мен жылулықтың ұйытқысы, тазалық пен мейірімділіктің тірегі, сонымен қатар ас дайындау, кір жуу, дүниеге сәби әкелу, бала тәрбиесі, үй шаруасын қоғамдық жұмыстармен қатар алып жүру т.б.) негізінде «қазақ әйелі» деген стереотип қалыптасқан. Сонымен қатар, газет тілдерінде берілген мақалалар тақырыбы *«Әйел-ана сау болу үшін», «Құрсағы құтты ана», «Батыр ана, Ардақты ана»* және *Ақ көңіл, биязы мінезді, адал жар болуға лайық ауыл тәрбиесін көрген қыз екен* деген үзінділерден, *әйел-ана, адал жар* деген түсініктің санада қайталануынан қалыптасқан этномәдени мәні бар гендерлік стереотип ретінде қабылдаймыз.

Қазақ әйелдерінің болмысына тән нәзіктік, ақылдылықпен қатар, олардың бойынан қайсарлық, пысықтық, төзімділік, іскерлік сынды қасиеттерді де таба аласыз. Әйелдердің ер азаматтардан гөрі төзімді, тығырықтан жол тапқыш келетіні де жасырын емес, әрі қазақ әйелдерінің бойындағы шыдамдылық, төзімділік қасиеттерінің бой көрсетуі қалыптасқан үрдіс. Ойымызды дәлелдей

түссек, *Еркектердің бойы әйелдерден гөрі 10 пайызға биік, салмағы 20 пайызға ауыр. Соған қарамастан әйелдердің төзімділігінде шек жоқ. Әрине, мұның бәрі әйелдің шыдамдылығы мен жағдайға бейімделе білуінің арқасында екеніне дау жоқ* (Ақ босаға. № 4, Сәуір. 2009ж). Қазақ этномәдениетінде қазақ әйеліне қатысты орын алған ұлттық стереотиптердің кілтін ашатын бейнелі құралдар көптеп кездеседі. Солардың бірі - қазақ халқының әйелді «қырық жанды» деп тануы босқа айтылмаса керек.

Әлеуметтік таным жүйесінің өзгеруі стереотиптердің, оның ішінде гендерлік факторлардың да өзгерісіне әкеледі. Бұл - стереотиптердің де әлеуметтік таным жүйесіне сай өзгеріп дамып отыратындығының дәлелі. Солардың бірі – қазақ әйелдерінің билік саласында қызмет атқаруы. Мысалы: *Жанұяның темірқазығы болған әйелдер отбасының гана емес, басқару саласында да белсенділігімен танылып, ауыл-аймақ, үлкен ұжымдардың ұйтқысына айналғалы қашан. Болмысынан мейірімді әйел басшының бойында әділдік басымырақ болса, елдің береке-бірлігі мен татулығын сақтау оған қиын соқпас* (Ана тілі, № 2. 2009 ж). Ертеде ел басқару, дау-дамайды шешу мәселесімен ер-азаматтарымыз тікелей өздері айналысқан болса, қазіргі таңда осы салалармен әйел адамдардың да айналысып жүргені белгілі. Мемлекетіміздегі гендерлік саясаттың ұстанымдары бойынша, біздің елде әйелдердің өз мүмкіндіктеріне қарай лауазымдық өсулеріне ешқандай шектеулер жоқ.

Әр түрлі әлеуметтік факторлардың әсерінен болса керек, нәзік жандардың бойында аз да болса қатыгездік, тас жүректік, өзімшілдік, жеңіл жүріске салыну сияқты әйел затына тән емес жағымсыз қасиеттер де кездесіп жатады. Мысалы: *Зертханалық зерттеулер әйелдің жауыздығы еркектен кем түспейтінін дәлелдеген. Рас, қылмыскерлер мен жанкештілердің арасында әйелдер аз. Дегенмен, пейілі бұзылған әйелден бәрін күтуге болатынын ескергейсіз. Ауылда, қалада жәнсіз, бетімен кетіп бара жатқан әйелдерді дұрыс жолға бұратын әйелдер кеңесін іске қосса, құба-құп болар еді* (Ақ босаға, № 2. Ақпан). Осы орайда, қазақтың «ет бұзылса тұз себер, тұз бұзылса не себер?» деген мақалдың әйелдерге қатысты айтылатыны еске түседі. Олай болса, әйелдердің қатыгездігі мен теріс жолға түсуінен сақтасын.

Еркек және әйел ұғымы әрбір халықтың танымында көрініс тауып отырады. Ол тілдің куммулятивті қызметі арқылы ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырады. Биологиялық және әлеуметтік құбылыстардың өзара әрекеттесуінен пайда болған гендерлік фактор мәселесін тек психологиялық, әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар лингвистика тарапынан, тілдік деңгейлер тұрғысынан да қарастыруды қажет етеді. Бұл жөнінде Б.Хасанұлы: "Қазақ тіліндегі гендерлік фактордың көрінісі фонетика, лексика, морфология, синтаксис және стилистика деңгейінде зерттелуі шарт. Тіл ғылымында қазақы гендерлік бағытты қалыптастыру қазақ тілінде ауызша, жазбаша тараған мұралардың негізінде толық іске асары хақ" , - дейді. Өйткені тіл деңгейлерінің әр қабатынан, әрі функционалды стильдер жүйесінен де ерлер мен әйелдер тіліне тән тілдік ерекшеліктер мен тілдік нормалар көрініс табатынын анықтауымызға болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Сабитова З.К. Гендерная оппозиция в языке (диахронический аспект). Алматы, 2007.
2. Хасанұлы Б. Махамбеттің тілдік тұлғасы: әлеуметтік лингвистикалық және психолінгвистикалық сыр-сипаты // Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003.
3. Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты. – М.: Институт социологии РАН, 1999. – 189 с.

Резюме

В этой статье рассматривается отражение гендерных стереотипов в языке газет.

Summary

The article reveals the reflection of gender stereotypes in mass media language.

Түйін

Мақалада гендік стереотиптердің газет тіліндегі көрінісі қарастырылған.

ЛИРИКАЛЫҚ ПРОЗАНЫ ТАЛУДАҒЫ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

С.Ш.Айтуғанова

Әдебиеттануда лирикалық прозаның алатын орнын анықтау күрделі мәселе. Оған берілетін сипаттама, көзқарас әртүрлі. Айтылған пікірлерге назар аударып отырып, лирикалық проза әдебиет тектері - эпос пен лириканың сабақтастығынан туған көркемдік құбылыс екенін көруімізге болады. Яғни, бұл екі жүйенің әр түрлі деңгейдегі поэтикалық байланысының нәтижесі өлең мен прозаның арасындағы шығарма болып табылады.

В.Г.Белинский әдеби туындылар тектерінің өзара кірігуіне көп көңіл аударады. Оның ойынша, көп шығармаларда бұл құбылыс «айтарлықтай белгілермен» бөлініп тұрмайды, бірігіп кетеді. Және бұл жағдайда туынды өз құндылықтарынан ештеңе жоғалтпайды, қайта бұдан көп нәрсе ұтатындығын атап көрсетеді [1, 22].

Сөз болып отырған лирикалық прозаның жаңашылдығы сол - "объективті /айқын шындыққа негізделген/ мазмұнды" сезімнің сан қырлы айнасына түсіріп, психологизмнің негізгі заңдылықтарынан ауытқымай, өмірді өз бітімімен шынайы да айшықты бейнелеу. Мұның өзі эпостың лирика аясын жатсынбауы, лириканың эпикалық танымдағы қарасөз құдіретімен ғажап үндестік табуы деп түсінген дұрыс.

Бірақ көркем шығарманың жасалу заңдылықтарына тәуелді бола тұра, эпос та, лирика да мазмұн мен пішін бірлігін сақтап қалатынын естен шығармау қажет.

Лирикалық проза лирика мен эпостың ортасынан туған шығарма болғанымен, оларға ұқсастығымен қатар, оның өзіндік ерекшелігі де бар.

Әдебиет тарихының дамуында лирика ерекше орын алады. Бұл ұғым тікелей адамның өзін өзі тануының дамуымен байланысты. Тұрмыстың терең мәніне жетуге талпынған адам түйсігі зерттеудің негізгі нысанына айналды. Гегель басқа өнер түрлеріндегідей емес, лирикада «мазмұн мен форма дәуір және ұлттық колоритпен анықталады» деген болатын. Мұнымен қатар лирикалық туындының жалпы табиғатын да анықтауға болады: ол адамның ішкі, рухани құндылықтарына негізделген, жеке және сонымен қатар әрбір тіршілі иесі үшін жақын туынды.

Лирикалық шығармада шын мәнінде ой, сезім, көңіл күй, эмоциялар, яғни адам жанының кез келген нәзік күйі бейнеленуі мүмкін. Демек, лиризм әдеби тәсіл немесе ағымдық құбылыс ретінде лирикалық прозаның алтын діңі екені даусыз. Өйткені, мұндай туындыларда басты идея кейіпкердің іс-әрекеті, әлеуметтік тіршілігі арқылы ғана емес, толғанысы, қуаныш-сүйініші, өмірге көзқарасы, күмбірлеген көкірек күйін шертетін шуақты сезімі арқылы келісім табады.